

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023. 10(1)
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Қазақстан).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ).

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан).

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан).

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kùltür Arařtırma Merkezi. (Түркия).

Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва).

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан).

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан).

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан).

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан).

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Жәлиқызы Раушан — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет, (США).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет, (США).

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан).

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан).

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан).

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция).

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва).

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК (Казахстан).

Сыдыков Ерлан Батгашевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан).

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Жалиқызы Раушан — младший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SC MSHE RK (Kazakhstan).

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university, (USA).

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University (USA).

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan).

Kozhirova Svetlana Bassievna — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan).

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).

Matyzyanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan).

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford (UK).

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey).

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania).

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK (Kazakhstan).

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail:aina__78@mail.ru

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan).

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

EXECUTIVE SECRETARY

Zhalikyzy Raushan — Master in humanitarian sciences, junior researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail: rosh85@mail.ru

Published in the Republic of Kazakhstan
 Edu.e-history.kz
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 1, pp. 53-67, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


ҒТАХР / МПНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_33_1_53-67

INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ) IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS

Zhanymkhan Oshan^{1*}, Zholdoshbek Botonoev²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)


Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

*Corresponding author

²Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, Osh State University (331, Lenin Str., 723500 Osh, Republic of Kyrgyzstan)

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

 <https://orcid.org/0000-0003-0989-9094>. E-mail: Joldoshbek_84_osh@mail.ru

© Zh. Oshan, Zh. Botonoev, 2023

Abstract. *Introduction.* The archival documents written in the Chinese and Manchurian languages on the history of Kazakhstan preserved the information about Buryts (Kyrgyz). These documents were found by domestic orientalists in the archives of the First Historical Archive of China in Beijing and were brought into the country, translated into the Kazakh language, and data research was conducted. *Goals and objectives.* The article aims to gather information about the Kyrgyz from the content of Manchurian and Chinese documents, studied by historians of our country, and to reveal it. The step taken to this end will help to expand the scope of scientific turnover of scientific research data carried out by domestic scientists. *Results.* The article individually shows the time of writing the documents relating to the topic, what event they were formed, a summary of the document, objectively described the historical problems raised in the documents. It is proved that the data of the scientific works, performed by the orientalists of Kazakhstan, can help not only in the study of Kazakhstan's history, but also in the study of the history of neighboring countries. The data collected on the Kyrgyz in Chinese archives have been commented and described. *Conclusions.* Determining the complex relations between the Kazakh khanate with neighboring countries, including the Kyrgyz, in this historical period, in-depth study of the history of Kazakh-Kyrgyz relations is a topic that needs new data. The successes achieved by historians of Kazakhstan in the study of historical documents from near and far abroad can also help in the study of the history of the related Kyrgyz people.

Keywords: Chinese archival documents, Manchurian documents, Chinese documents, Buryts (Kyrgyz), Buryt ambassadors, Zholan

For citation: Information about the buryts (kyrgyz) in Chinese archive documents studied by Kazakh orientalists//Edu.e-history.kz. 2023. Vol. 10. No. 1. Pp. 53-67 DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_53-67

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВИ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Ошан Жанымхан^{1*}, Бөтөнөев Жолдошбек Советбекович²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш., 28-үй, 050010. Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

* Автор-корреспондент

²Ош мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетінің шығыстану кафедрасы (Ленин көш., 331-үй, 723500. Ош, Қырғызстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

<https://orcid.org/0000-0003-0989-9094>. E-mail: Joldoshbek_84_osh@mail.ru

© Ошан Ж., Бөтөнөев Ж.С., 2023

Аңдатпа. *Kipicne.* Еліміздің қытайтанушы ғалымдары зерттеген қазақ тарихына қатысты қытайша және мәнжуше жазылған архив құжаттары мазмұнында бұрыттарға (қырғызға) қатысты біраз мағлұматтар сақталған. Бұл құжаттарды еліміздің тарихшылары Бейжіңдегі Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі түрлі қорлардан іздеп тауып, елге жеткізіп, қазақ тіліне аударып, деректанулық зерттеулер жасаған болатын. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* — еліміздің тарихшылары зерттеген мәнжуше және қытайша құжаттар мазмұнындағы қырғыздар туралы мәліметтерді жеке дара жинақтап, оны ашып көрсетуді мақсат етті. Осы мақсатта жасалған қадам отандық ғалымдар жүргізген деректанулық зерттеулердің ғылыми айналымға ену ауқымын кеңейтуді өзінің міндеті санайды. *Нәтижелер.* Мақалада тақырыпқа қатысты құжаттардың жазылған уақыты, қандай оқиғаға қатысты қалыптасқаны, құжаттың қысқаша мазмұны жеке-жеке көрсетіліп, онда көтерілген тарихи мәселелер объективті түрде сипаттап көрсетілді. Қазақстан шығыстанушылары атқарған деректанулық жұмыстар Қазақ тарихын зерттеуде ғана емес, көрші елдердің тарихын зерттеуге де көмек бере алатындығы дәлелденді. Қытай архив қорларында сақталған қырғыздарға қатысты біраз мәліметтерді жинақтап, түсініктемелер жасап, сипаттама берді. *Қорытынды.* Аталған тарихи кезеңдегі Қазақ хандығының көршілес елдермен, соның ішінде қырғыздармен арадағы әр түрлі күрделі қарым-қатынастарын анықтау, қазақ-қырғыз байланысы тарихын тереңдей зерттеу жаңа деректерге зәру тақырып болып табылады. Қазақстан тарихшыларының алыс-жақын шетелдердегі тарихи құжаттарды игеруде қол жеткен жетістіктері туысқан қырғыз халқының тарихын зерттеуге де көмектесе алады.

Түйін сөздер: Қытай архив құжаттары, мәнжуша құжаттар, қытайша құжаттар, бұрыттар (қырғыздар), бурыт елшілері, Жолан


Дәйексөз үшін: Ошан Ж., Бөтөнөев Ж. С., Қазақстан шығыстанушылары зерттеуіндегі қытай архиві құжаттарындағы бұрыттар (қырғыздар) туралы мағлұматтар //Edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С.53-67. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_53-67

СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ, ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ

Ошан Жанымхан^{1*}, Ботоноев Жолдошбек Советбекович²

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко, д. 28. 050010. Алматы, Республика Казахстан)


Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

*Корреспондирующий автор

²Кафедра востоковедения факультета международных отношений ОшГУ (ул. Ленина, д. 331. 723500. Ош, Республика Киргизстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0003-0989-9094>. E-mail: Joldoshbek_84_osh@mail.ru

© Ошан Ж., Бетөнөев Ж.С., 2023

Аннотация. *Введение.* В архивных документах написанные на китайских и маньчжурских языках по истории Казахстана сохранились сведения о бурытах (кыргызы). Эти документы были найдены отечественными востоковедами в архивах Первого Исторического архива Китая в Пекине и были привезены в страну, переведены на казахский язык, и были проведены исследования данных. *Цель и задачи исследования* — в статье ставится задача собрать информацию о кыргызах из содержания маньчжурских и китайских документов, изученных историками нашей страны, и раскрыть ее. Предпринятый в этих целях шаг поможет расширить сферы научного оборота данных научных исследований, проводимых отечественными учеными. *Результаты.* В статье индивидуально показано время написания документов, относящихся к теме, каким событием они были образованы, краткое содержание документа, объективно описаны исторические проблемы, затронутые в документах. Доказано, что данные научных работ, выполненных востоковедами Казахстана, могут помочь не только в изучении казахстанской истории, но и в изучении истории соседних стран. Собранные сведения о кыргызах, хранящиеся в китайских архивах были прокомментированы и описаны. *Выводы.* Определение сложных отношений Казахского ханства с соседними странами, в том числе с кыргызами, в этот исторический период, углубленное изучение истории казахско-кыргызских отношений - тема, требующая новых данных. Успехи, достигнутые историками Казахстана в изучении исторических документов дальнего и ближнего зарубежья, также могут помочь в изучении истории родственного кыргызского народа.

Ключевые слова: Китайские архивные документы, маньчжурские документы, китайские документы, бурыты (кыргызы), бурытские послы, Жолан

Для цитирования: Ошан Ж., Ботоноев Ж.С. Сведения о бурытах (кыргызах) в китайских архивных документах, изученных казахскими востоковедами // Edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С.51-65. (На каз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_53-67

Кіріспе

Алыс-жақын шетелдің архив қорларында қазақ тарихы туралы бытыраңқы сақталған деректер өте көп. Шын мәнінде мұның бәрі ғасырлар бойы зерттелмеген тың материалдар саналады. Бұл құжаттарды зерттеу еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Аз ғана уақыттың ішінде қазақ мемлекеттілігінің, басқа елдермен қатынастарымыздың беймәлім тұстарын айқындайтын бірегей жәдігерлер табылды. 2004–2005 жылдары жасаған

археографиялық экспедициясы нәтижесінде қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты түрлі тілдерде жазылған мыңдаған жазба құжаттар табылды. 2005 жылы қыркүйекте Бейжің қаласында ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Қытайдың Бірінші тарихи архиві «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына қатысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» атты халықаралық бірлескен жобаға қол қойды. Жоба нәтижесінде 2006–2007 жылдары аралығында екі томдық құжаттардың факсимиле жинағы Пекин қаласында «Мұрағат» баспасынан жарық көрді. Жинақты құрастыруға қытай ғалымдары Чжу Шуюань, Лю Руофан, Ли Баовэнь, еліміз ғалымдары М.Қ. Әбусейтова мен Б. Еженханұлы қатысты. Аталған жинаққа Қытай Бірінші мұрағатындағы «Әскери басқармада сақталған патша жарлықтары», «Патша сарайында сақталған, патша бұрыштамасы жазылған шенеуніктер мәлімдемесі», «Әскери басқармада сақталған шенеуніктер мәлімдемесінің көшірме нұсқасы», «Патшаның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жауапы мекеменің патша туралы жазба естеліктері» қатарлы қордағы мәнжу және қытай тіліндегі 517 құжат енгізілді. Бұл құжаттардың жазылған уақыты 1754–1764 жылдарға тура келеді. Құжаттар негізінен алғанда екі ел арасында орын алған әскери, саяси, дипломатиялық, сауда сияқты бірқатар мазмұнға қатысты болып келеді. Соның ішінде Дипломатиялық байланыстарға қатысты құжатта Қазақ хандығы тарапы жіберген елшілері туралы, Цин шенеуніктерінің оларды шекарадан қарсы алып, патша сарайына жеткізу, мемлекеттік деңгейдегі қонақасы беру, олар әкелген силықтарды қабылдап алу және оларға силықтар беріп марапаттау, қайтар жолында ел шекараға дейін жеткізіп салу туралы баяндалады. Сауда қатынастарына қатысты құжаттарда сол мезгілде Үрімжі, Құлжа, Шәуешек, Қашғар және басқа жерлерде қазақтармен арада жасалған сауда-саттыққа байланысты түрлі мазмұнда құжаттар сақталған.

Осы құжаттардың кей мазмұндары көршілес қырғыз, өзбек, орыс, қарақалпақ, торғауыт, ойрат, ұйғыр қатарлы халықтардың сол кездегі тарихына қатысты болып келеді. Бұл өз кезегінде аталған архив құжаттарының деректік құнын арттыра түседі. Қазіргі кезде сол құжаттарды ғылыми айналымға енгізу күн тәртібінен әлі түскен жоқ. Себебі, құжаттарға деректанулылық зерттеу жасау бойынша отандық ғалымдар бұған дейін қомақты жұмыстар атқарды, солай дегенмен олардың ішінара мазмұндарын жеке дара қарастыру да аса маңызды санлады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі материалдар қоры ретінде «Мәдени мұра» және «Ғылыми қазына» қатарлы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Отандық шығыстанушы ғалымдар Қытай мұрағат құжаттарындағы мәнжу және қытай тіліндегі архив құжаттарын игеру кезінде қол жеткізген және мемлекеттік тілге аударып, арнаулы құжаттар жинағы ретінде немесе арнаулы монографиялық еңбектерге енгізілген деректерді пайдаланды. Мақаланы дайындауда объективтілік пен тарихилық қағидаттары басшылыққа алынды. Көтерілген шынайы тарихи мәселені нақты көрсетуде салыстырмалы-тарихи, тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістер қолданылды. Мақалада берілген материалдар хронологиялық жүйеде жинақталып, дерек мазмұнына ішінара талдау жасалды.

Талқылау

«Мәнжуша мұрағат құжаттары» дегеніміз Цин патшалығы дәуірінде әр дәрежелі әкімшілік мекемелердің, және сол мекемелерде міндет атқарған шенеуніктердің өз күзиретіндегі әлеуметтік мәні бар мәселелерді шешу кезінде мәнжу тілінде жазып қалдырған кеңсе құжаттарының, немесе қатысты мәселеге жөнінде жазылған жазбаша естеліктердің жалпы атауы болып табылады (Юанфэн, 2011: 37). Оның мазмұны аса ауқымды әрі нақты, тарихи деректік құны басқа дерек түрлеріне қарағанда жоғары болып келеді.

Сол мұрағат құжаттарының қазақ тарихына қатысты екі томдық жинағы «Қытай-Қазақ қарым-қатнастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» деген атпен белгілі. Жинақ Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану Институты мен Қытай Бірінші мұрағаты арасында атқарылған ғылыми әріптестік шаралар нәтижесінде жарық көрді. Жинаққа 1754–1764 жылдар аралығында қалыптасқан тек қазақ тарихына қатысты 508 құжаттың және біраз құжат қосымшаларының факсимилесі енгізілді (ЧДИЛД және ХДЯС, 2006–2007: 649–658). Ал, «Цин патшалығы дәуіріндегі Шынжанға қатысты мәнжу тілді мұрағат құжаттар жинағы» атты келесі жинақ Қытайда баспадан шыққан факсимиле жинақтарының ең ауқымдысы саналады (Чжунго ди-и лиши дананьгуан бянь, 2012). Көлемі 283 томнан тұратын бұл жинаққа 72812 құжат кірген, құжаттардың жыл көрсеткіші 1730–1911 жылдар аралығын қамтыған. Жинақтағы құжаттар кенішінде қазақ тарихына қатысты аса құнды құжаттар сақталған. Дегенмен, ондағы құжаттар негізінен мәнжу тілінде жазылғандықтан, ғылыми айналымға еркін түсе алмай келеді. Осы мәселені ескеру негізінде соңғы жылдары айтулы «Жинақты» қытай тіліне аудару ісі қолға алынуда. Қазіргі кезе оның бастапқы 10 томы баспадан шықты. Онда 1730–1755 жылдар аралығындағы мұрағат құжаттар жинақталған (У Юаньфэн, Ли Шэн, 2020: 6932). Бұдан өзге 283 томдық жинақтағы құжаттарды мазмұнына қарай сыныптап, қытай тіліне аударған арнаулы тақырыптағы деректер топтамасы да баспадан шығарып жатыр. Соның бірі «Цин династиясы дәуіріндегі Жоңғарияны құпия барлауға байланысты мәнжуше мұрағат құжаттардың (қытайша) аударма жинағы» (Ци Гуан, 2021: 470).

ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлескен жобаның соңғы нәтижелері Қазақстанда атқарылып жатқан «Мәдени мұра» және «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде, сондай-ақ ғалымдардың түрлі зерттеуінде жалғасын тапты. Шығыстану институтының мамандары «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» және «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» әр біреуі екі томнан тұратын төрт томдық деректер жинағы 2009–2012 жылдары аралығында Алматыда жарық көрді.

Нәтижелер

Цин патшалығының мұрағат құжаттарындағы қазақтарға қатысты мұндай ауқымды мәліметтер топтамасы Цин патшалығының Жоңғар хандығын жоюы сынды тарихи оқиғаға қатысты қалыптаса бастады. Бұл құжаттардың қалыптасу уақыт көрсеткіші XVIII ғасырдың 50 жылдарынан басталады. Құжаттардың қамтыған мазмұны да әр түрлі болып келеді. Сондықтан ондағы сақталған мәліметтер тек қазақтармен шектеле бермейді, қазақтардың көршілеріне қатысты да бір қатар құнды мағлұматтар береді. Сондай мағлұматтың біразы бұрыттардың (қырғыз) тарихына қатысты болып келеді. Төменде құжат мазмұнындағы бұрыттарға (қырғыз) қатысты үзінділерді көрсете отырып, онда көтерілген мәселе туралы азды-көп тоқталмақпыз.

Белгілі болғанындай Қытай архиві қорындағы Ұлы жүз қазақтары мен бұрыттар туралы ең елеулі деректер 1758 жылы Хебей-амбан Фуде басқаруындағы әскери экспедицияға байланысты толыға түседі. Сөйтіп, «Фу Дэ басқаруындағы Цин отряды Төле би билеген жерлерге жақындады. Олар арасында қазақтардың жиені, ірі шонжар Қазақ-Сары бар жоңғар көтеріліс басшыларын қуып келеміз деген сылтаумен Ұлы жүз көшпелілері қоныстанған аумақтарға кіре бастады» (Хафизова, 2022: 68).

Осы оқиғаға байланысты жазылған бастапқы құжаттардың бірі «Хебей-амбан Фуде өзінің қазақтар мен бұрыттардың, сондай-ақ мейен-и-амбандар мен хиялардың «патшаға сыйласақ» деген жылқыларының арасындағы жақсыларын тандап алып Бейжіңге жібергендігі туралы жазған мәлімдемесі» деп аталған құжат болатын. 1758 жылы қыркүйек айының 7-і күні

мәнжуше жазылған осы құжат қазақтар мен бұрттартар (қырғыздар) туралы алғашқы нақты мәлімет берген құжаттың бірі саналады. Құжатта Хебей-амбан Фуде өзінің Қасақ шираны (Hasak-sira//Қазақ-Сары) тұтқындау мақсатында Бұрыт жерін басып өтіп Қазақ жеріне барған кезде бұрыттардың қытай тайпасының адамы — Қаработабай есімді адамның патша ағзамға бір ат тарту еткені айтылады. Архив құжатында осы жолы Қазақ ханы Әбіліз және Төлеби қатарлы адамдардың жиыны үш ат тарту еткені және ұлы жүз қазақтарының Цин еліне жіберген ресми елшісі, Төле бидің ұлы Жоланның бір ат тарту еткені жазылған.

«Хебей-амбан Фуде өзінің әскер бастап Қазақ жеріне барып Қасақ шираны тұтқындау ісін орындай алмағандығы және патшамен дидарласпақ болған қазақ хуэйцзи елшілерін қорғап әкеле жатқаны туралы жазған мәлімдемесі» деген мәнжу тіліндегі келесі бір құжат 1758 жылы қыркүйектің 5-і күні жазылған. Аталған құжат ұсынған мәліметтер бойынша Цин патшалығының Жоңғарияға келіп жеткен армия генералдары қазақтар туралы, соның ішінде Ұлы жүз қазақтары, Ташкент туралы, жалпы Орта азиядағы саяси жағдай туралы мәліметтерді бұрыттардан алып отырғаны баяндалады. Құжат мәтініндегі «Бұрыт жерінен келіп түскен мәліметке қарағанда, Ташкент хуэйцилер Батыс бөлік қазақтармен өте жақын тұратын көрінеді. Қазір қазақтар тағы да хуэйцилерге тиісіп жатқан көрінеді» деген сияқты мәліметтер осындай жағдайды нақтылайды. Құжаттың келесі мазмұнында Хебей-амбан Фуденің ұлы жүз қазақтарына жіберген Моңғолдай мен Хешан қатарлы адамдарға бұрыттар жол бастап барғаны да айтылған (Еженханұлы, 2009: 92–93).

Айтулы архив құжатында қырғыздардың Цин патшалығы астанасына барған елшісі туралы да мәлімет сақталған. «Сонымен қатар, мен Моңғолдай, Хешан екеуімен бірге елшілік сапарда болған солаң бошоку Багэ мен Гирин (жерінен шыққан) ула-бошоку Есентай және қазақ тілін білетін, әскери еңбек сіңіргендігі үшін көк қауырсынға ие болған дашдава улет елінен шыққан Черикчи қатарлыларға 30 жасақ қосып беріп, оларға қазақтар мен хуэйцилердің Жолан, Босұрман және Менияз сынды үш елшісін, сондай-ақ сол елшілердің атқосшысы болып келген сегіз адамды Бейжіңге дейін қорғап апаруды тапсырдым. Осыдан бұрын бағынған бұрыт Ақбайды да осы жолы (Қазақ елшілерімен) бірге апарып, патшамен дидарластырып келу керек еді, алайда оның ұлы Білік кенеттен ауырып қалып (Қазақ елшілерімен) бірге жүре алмай қалды да, мен оны өз жеріне қайтарып жібердім. Тек (басқа бір) Айдарбек (есімді бұрыттың) Ноқы есімді інісі мен оның бір атқосшысын оларды осында бастап әкелген солаң бошоку, әскери еңбек сіңіргені үшін көк қауырсынға ие болған Лимбаоға тапсырдым. Лимбао Моңғолдай, Хешандармен бірге аттанып, оларды да Бейжіңге дейін қорғап апаратын болды (Еженханұлы, 2009: 101–102).

Белгілі болуынша бұл жолы Қазақтар мен қырғыздардың Қытайға жіберген елшілері екі бөлек аттанған. 1758 жылы қазанның 25 күні жазылған «Хия Моңғолдайдың Батыс бөлік Қазақ елшілерінің Бейжіңге қай күні жететіндіктерін жорамалдап әскери басқармаға жазған хаты» деп аталған мәнжуше құжаттағы қатысты мәліметтер бұл жағдайды егжей-тегжейлі түрде нақты баяндар берген (Еженханұлы, 2009: 107–109).

Айта кетерлігі Цин патшалығы патша сарайына барған Қырғыз елшілері Ұлы жүз Төле бидің ұлы Жолан бастаған елшілерден бұрын барған. 1758 жылдың 12 қарашасы жазылған «Хия Моңғолдайдың өзінің бастап келе жатқан Батыс бөлік қазақ елшілерінің Бейжіңге қай күні жететіндігі туралы әскери басқармаға жазған түсіндірме хаты» деп аталатын мәнжу тіліндегі құжатта бұл жағы анық көрсетілген. Онда: «10-айдың 11-күні біз Шахэ керуен бекетінде әскери басқармадан жіберілген мынадай мазмұндағы хатнаманы тапсырып алдық: «Сендер жіберген хаттарыңда өздеріңнің елшілері бастап 9-айдың 26-күні Баркөлге жеткендіктеріңді және шамамен 11-айдың алғашқы 10 күнінде Бейжіңге жететіндіктеріңді айтқан екенсіңдер. Біздің білуімізше, осыдан сәл бұрын хия Улден мен Торынтай қатарлылар бұрыт елшілері бастап Баркөлден шығып Мұранға бір айда жеткен екен. Сендер 9-айдың 26-күні

Баркөлге жеткен екенсіңдер, ендеше сендер де Улден сияқты 1 ай жүріп, 10-айдың 26-күні Бейжіңге жетулеріне болады делінеді (Еженханұлы, 2009: 116–117). Қырғыз елшілерінің қазақтардан бұрын жолға шыққанын және Цин патшалығы патша ордасына бір аз күн бұрын барғанын көрсететін басқа деректер де бар.

«Патша, айдың 25-күні Наньюань саябағында болып, сонда Оң бөлік қазақтар жіберген елшілерге қонақасы беретін болды» деген 1758 жылғы 5 қарашада жазылған қытайша құжатта: Патша Тайхэдянь сарайында өз уәзірлерінің азанғы сәлем беру рәсімін қабылдаумен бірге бұрыт елшісі Чэликэци (Черикчи) қатарлы адамдардың да сәлем беру рәсімін қабылдады. Патшаның құпия тұрмыс-тіршілігіне қатысты естелік осы күні жазылды» деген мәліметте сақталған (Еженханұлы, 2009: 113). Дәл осындай бір жазба мәлімет «Цин әулетінің шынайы жазбалары» атты еңбектің қатысты томында бар (Гаоцзун ши лу, 1799: 572).

Улден мен Торынтай қатарлы Цин шенеунігі бастап барған бұл қырғыз елшісінің аты мәнжуше құжаттарда «Черикчи», қытайша құжаттарда «Чэликэци» деп жазылады. Қытайдағы қырғыз әріптестеріміз аталған елшінің атын «Черікчі» деп жазып көрсеткен (Мамбетакұн және т.б., 2004: 339). Мұнда назар аударарлық бір жәйт — Жоғарыдағы құжаттағы қазақтарды Бейжіңге бастап апаруға жауаптылардың бірі ретінде көрсетілген «қазақ тілін білетін, әскери еңбек сіңіргендігі үшін көк қауырсынға ие болған дашдава улет елінен шыққан Черикчи...» деген адамның аты да қырғыз елшісі — Черікчімен аттас сияқты.

1758 жылы қыркүйектің 5-і күні жазылған айтулы құжатта Айдарбек (есімді бұрыттың) Ноқы есімді інісі мен оның бір атқосшысы Ұлы жүз қазақтарының елшісі Жолан бастаған елшілермен бірге сапарға аттанғанын көрсеткен болатын. 1758 жылғы 27 қазан күні жазылған «Баркөлдегі байта-ичихиара амбан Аригуңның «Батыс бөлік қазақ елшілері Баркөлге жетіп, енді әрі қарай Бейжіңге жүріп кетті деген мазмұндағы мәлімдемесі» деген мәнжуше құжатта: 9-айдың 26-күні, Моңғолдай мен Хешан екеуі Батыс бөлік қазақтың батыры Төле бидің ұлы Жоланды, Қойгелдінің немере бауыры Босұрманды, Ташкент қаласындағы қожа Молдасамшының елшісі Менияз бен бұрыт Айдарбектің інісі Ноқы қатарлыларды, сондай-ақ олармен бірге келген 6 хуэйци адамын бастап Баркөлге жеткені, ... 9-айдың 27-күні (1758 ж. 28 қазан) Моңғолдай қатарлылармен бірге елшілерді бастап Баркөлден аттанып, Бейжіңге барып патша ағзаммен дидарласуға кеткені» хабарланған (Еженханұлы, 2009: 112).

Мұрағат құжаттары бізге Қазақ елшілерімен бірге аттанған Қырғыз елшісі Ноқының Цин патшалығы ордасында қазақ елшілеріне арналған қарсы алу шараларында қазақ елшілерімен бірге болғанын хабарлайды. 1758 жылы желтоқсанның 5 күні хатталған қытай тіліндегі мұрағат құжат осы мазмұнда жазылған. «Патша ағзам Наньхайцзыда сардарлар мен сарбаздарының оқу-жаттығуын көзден кешірді, Оң бөлік қазақтарына қонақасы берді» деген қытайша құжатта: «Сы» уақытында (сағатында) патша күймесімен Наньхунмэнь қақпасынан кірді... Патша сауытын киіп, сайманын асынып келді. Ол әуелі өзімен ілісіп жүрген (патша әулетінен шыққан) ваң мен гүндерді, уәзірлерді және қорғаушыларын ертіп алып садақ тартып, нысана атты. Ол Оң бөлік қазақ елшілері Жолан және бұрыт Ноқы қатарлыларды аталмыш шараларды көруге бұйырды... Оң бөлік қазақтардың Жолан сынды елшілері, және бұрыт Ноқы қатарлылардың барлығы тамашаны көруге шақырылды. ... Сонан соң патша өзіне ілесіп жүрген ваң, гүндер мен уәзірлеріне, Оң бөлік қазақ елшісі Жолан, бұрыт Ноқы қатарлыларға от шашуын тамашалатты... деп жазылған. Ал енді келесі күні, яғни 1758 жылы желтоқсанның 6 күні тіркелген «Патша сәлем беру рәсімін қабылдады, Оң бөлік қазақ елшісі қатарлылар сарайға қайтып келген патшның алдынан қарсы ала шықты» деген қытайша жазылған құжатта «Оң бөлік қазақ елшісі Жолан, бұрыт Ноқы қатарлылардың» бірге болғаны жазылған (Еженханұлы, 2009: 118–119, 120).

Қазақ елшілері мен бұрыт елшілері Цин патшалығы астанасына екі топқа бөлініп, бірінен соң бір барғанмен, бірақ өз еліне қайтар жолда олардың барлығы бірге қайтқан. 1759

жылы наурыздың 9 күні Баркөлдегі Байта-ичихиара-амбан Чиңфудың «Қазақ-бұрыт елшілеріне сыйға ат пен түйе берсек» деген мағнадағы мәлімдемесі делінген мәнжуше құжатта, сондай-ақ 1759 жылы мамырдың алтысы күні жазған (Пішэндағы байта-ичихиара-амбан Диңсаң қатарлылардың) «Шүкір қатарлы қазақ пен бұрыт елшілері Үрімжіге келіп жетті» деген мазмұндағы мәнжуше құжаттарда нақы дерек сақталған (Еженханұлы, 2009: 146–154; 156–157).

1759 жылы шілденің 2 күні мәнжуше жазылған Үшінші дәрежелі Хия Моңғолдай қатарлылардың әскери басқармаға жолдаған «қазақ пен бұрыт елшілері Үрімжіге (дұрысы – Ілеге немес Құлжаға. – авт.) келіп жетті» деген мазмұндағы хатында «Біз өзімізге тапсырылған бұрыт, қазақ және ташкенттік елшілерді бастап Баркөл жерінен аттанып, жол бойы тыныштықпен аман-есен сапар шектік, 4-айдың 18-күні (1759 жылы мамырдың 14 күні) Ілеге жеттік. 19-күні (мамырдың 15 күні) біз оларға қоштасу қонақасын бердік. Олар да бізге қонақасы берді. Аттанардан бұрын бұрыт елшісі Черикчи, Шербек, Түлкі, Ниса, Шүкір, Ноқы, қазақ елшісі Жолан мен Босұрман, ташкенттік хуэйцзилердің елшісі Менияз қатарлы адамдар өз атқосшыларын бастап (қиырдағы) патшаға қарап жүгініп, сәлем етіп, алғыс айтқанын жаза келе «Сонан соң біз әскерлерімізді бастап олардың жүктерін, адамдары мен көлік малдарын ретімен өзеннің арғы бетіне жеткіздік, арада ешқандай қателік кетпеді және ешқандай зат жоғалмады. Сонан соң 20-күні (мамырдың 16 күні) біз кері сапарға шықтық...» деп жазған (Еженханұлы, 2009: 159–161).

Бұл құжатта жоғарыда көрсетілген Черикчи мен Ноқыдан басқа Шербек, Түлкі, Ниса, Шүкір қатарлы қырғыз елшілерінің аты аталады. Алайда олардың қырғыздардың қандай тайпасынан және кімнің атынан жіберілген елші екені аталмаған. Тек ғана 1762 жылы шілденің бірінші күні жазылған басқа бір мәселеге қатысты жазылған мәнжуше құжатта осы елшілер туралы аз болса да мәлімет сақталған. «Қашқардағы хебей-амбан Юнгуи қатарлылар өздерінің Қазақ жерінен жіберілген саудагер-елшілеріне сый-сияпат жасағандықтары туралы жолдаған мәлімдемелері» деген құжат мәтінінде қашқарлық мұсылман және Қарғашы есімді чоңбағыш бұрытпен бірге Қашқарға сауда және елшілік мақсатпен барған Түлек және Қарақойкелді қатарлы Ұлы жүз қазақтары жіберген Басаң есімді адам Қашқардағы хебей-амбан Юнгуидің сұраған сауалына жауап берген кезде: Цяньлун жылнамасының 23-жылы (1758 жыл) Түлектің ұлы Йолонның (Төле бидің ұлы Жолан), саяқ-сарыбағыштың биі Чирикчи, Түлікей, сары тайпасынан шыққан бұрыт Айдарбек және қытай тайпасынан шыққан бұрыт Кәбікі қатарлы бұрыт елшілерімен бірге Цин патшалығына елші болып барғанын тілге тиек еткен (Еженханұлы, 2012: 125). Бұл деректе келтірілген «Түлікей», «Кәбікі» қатарлы адамдардың аты жоғарыдағы деректерде кездеспейді. Құжатта «Чирикчи» (Черікчі), «Түлікей» қатарлылардың саяқ-сарыбағыштың биі екенін, Қазақтармен бірге барған елші Айдарбектің сары тайпасының адамы екенін нақтылап көрсетіп берген.

Қазақ тарихына қатысты хатталған мәнжуше құжаттар мазмұнында қырғыздар мен Цин патшалығы елшілік қарым-қатнастарына қатысты мәліметтердің ең бастылары осындай.

Қатысты құжаттардың келесі топтамасы ретінде аталған жылдары қазақ-қырғыз арасында орын алған түрлі оқиғаларды баяндайтын кей мазмұнын көрсетуге болады.

Соның ішінде Патшаның қазақ Абылайға түсірген бұйрығы, мұнда «қол астындағы еліңді Тарбағатайға қоныстандырма және бұрыттармен тату-тәтті қарым-қатынаста болыңдар» деген жәйттер айтылған мәнжу тіліндегі құжатта қазақ-қырғыз арасында орын алған шиленісті жағдайды нақтылайтын деректер кездеседі. Қазақстандық әріптестердің пайымдауы бойынша Аталған құжат шамамен 1758-жылдың маусым-шілде айлары мөлшерінде жазылса керек. Қалыптасқан жағдайды дерек мәтінімен көрсетіп өтер болсақ, құжатта былай деп жазылған:

Тәңір билігінің құтындағы патшаның қазақ Әбілмәмбет, Абылай, Әбілпейіз және Қабанбайға түсірген жарлығы. ... Сонымен қатар Құттыбай, Аталай сындылар «бұрыт жұрты

біздің мал-мүлігімізді тонады» деп мәлімдеме көтерді. Сендер шамасы менің әскер шығарып, бұрыттарды шапса екен деген ойда боларсыңдар. Бұл мүлдем болмайтын іс. ... Қысқасы, ондай ұрлық-қарақшылық істер бар болғанымен, (біз үшін) олар сыртқы елдердің өз істері, ал мұндай істерді ішкі жерлеріміздің өзінде мүлдем тия алмаймыз. Сендер өзара татуласып, бейбіт өмір сүріп, өздеріне қарасты ел-жұрттарыңды тежеп, олардың өзгелермен жауласып, соғысуға дейін баруларына жол бермесендер жақсы болар еді. Осы аралықта егер бұрыттар да елші жіберіп жатса, мен оларға да осылайша ақыл айтып, жарлық түсіремін (Еженханұлы, 2017: 205–211).

Үрімжідегі байта-ичихиара-амбан Антайдың «бізбен сәлемдесу және патша ағзамға жылқы сыйлау мақсатында Үрімжіге қазақ елшілері келді, оларға қару ретінде біз де сый-сияпат жасадық» деген мазмұндағы мәлімдемесі» атты 1760 жылдың 20 сәуірінде жазылған мәнжуше құжатта Қазақ елшілері Құттыбай, Аталай, Бекенай, Үсен қатарлы адамдар Жоңғарияда тұрған Цин шенеуніктеріне өздерінің сапар мақсатын баяндаған кезде қазақтар мен қырғыздар арасында болған мына бір істі тілге тиек еткен. «Бұдан тыс, біз былтыр ұлы Ежен ханның «бұрыттармен татуласыңдар» деген елдестіру хатнамасын тапсырып алғанбыз. Берілген сол ақылға сай, былтыр бұрыттар тұратын жаққа жылқы айдап саудаға барғанбыз. Сөйтсек, барған қазақтар жол ортада бұрыттар тарапынан барымтаға ұшырап, (жылқыларымын бірге) 50-ден астам адамымыз барымталап кетті. Бұл іс те (Абылайдың Ежен ханға) жазған хатында айтылған болар» деп жазады (Еженханұлы, 2009: 172).

Қазақтар мен қырғыздар арасында орын алған кикілжіңдерге байланысты 1762 жылдың 31 шілдесінде хатталған (Қашқардағы хебей-амбан Юнгуйдің) «Қазақ елшілері Бұрыт жері арқылы елдеріне оралды» деген мазмұндағы хаттамасы» деп аталыт мәнжуше құжатта мынадай мәлімет сақталған: Қазақ биі Түлек қатарлылар жіберген елші Басаң өз ауылына қайтарында, саяқ-бұрыт биі Мысылханның інісі Теміржан және кетмен-түмен сарбағыштардың биі Мәметқұлдың елшісі Кәбкемен бірге келіп бізге, патшаның құлдарына мынаны айтты: «Қазақ Түлек бұрыннан бері Жұмаған жерінде тұратын чарқар-саяқ бұрыттармен тату болмай келеді. Басаң осылай келерде де (бұрыттын) сол руы өткізбей қойған. Қазір біз өзара тату-тәтті тұрғандарымыз жөн еді. Біздің, яғни Теміржан, Чирикчи, Мәметқұл және Арзамет қатарлылардың, руларынан адам жіберіп Басанды шекарадан өткізбекпіз. Осы бір жәйтті амбан сіздерге арнайы келіп мәлімдеп тұрмыз» (Еженханұлы, 2012: 143–144).

Қазақ-бұрыт қарым-қатынасында орын алған мұндай келеңсіз жәйттер Пекиндегі архивтен табылған Қазақ хан-сұлтандарының Цин патшалығына жолдаған хаттарында да қозғалған.

Қазақ елшісі Дәулеткерейдің өтініш хатнамасы. Онда Абылайдың Қокан Ерданаға жорық жасау үшін бізден көмек ретінде зеңбірек пен әскер жіберсеңдер деген өтінішін жеткізген (маньчжур тілінде) деген келесі құжатта да осындай мәселе тіркелген. Бұл құжат 1767 жылғы 23 қыркүйек – 23 қазан аралығында немесе сол жылдың мамыр айында жазылған. Өтініш хатты жазғандар қатарында ондаған қазақ билеушілерінің аты көрсетілген әрі хаттың Шу (Чуй) бойынан жолданғаны жазылған. Құжат мазмұнында: «біздің қазақта үш жүзге бөлінеді: біріншісі «Ұлы жүз» деп, екіншісі «Орта жүз» деп, ал үшіншісі «Кіші жүз» деп аталады. Мына екі ел — бұрыттар мен Ердана (бастаған қокандықтар) бірлесе отырып біздің Ұлы жүзді тонап кетті. Алдыңғы жылы біз де бұрыттарды барымталадық. Кейін екі жақ бітімге келсек деген ниетпен бір-біріне елші жібере бастады. Бұхара, Самарқанд және сол төңіректегі басқа жерлердегі мұсылманша сөйлейтін елдердің барлығы (бізбен) тату-тәтті болып келеді, тек Ердана ғана бізге толассыз шапқыншылық жасап жатыр. Біз (Қазақ хан-сұлтандары) барлығымыз Жәнібек ханның үш ұлының ұрпағымыз. Сол үш ұлдың екеуінің ұрпағы өз кезінде Ташкент пен Бишпек жерлерінде тұрған. Былтыр Ердана Бишпекте тұратын, жолы менің інім болып келетін Ескендір есімді ханды және оның екі інісін, төрт ұлын өлтіріп, сол інілерімнің бала-шағаларын тонап әкетті. Олар Ескендірдің жүкті әйелінің

құрсағын жарып, іштегі баланы да өлтірді. Сондай-ақ олар жайлым жерлерді де басып алды. Олардың істемегені қалмады. Бұдан тыс, осыдан бұрын сіздердің қолдарыңыздан жойылған Қожа-жаханға ілескен бірнеше ойрат сіздерден қашып құтылған соң Ерданаға барып паналаған. Кейінірек ол тағы да қашып барған біраз бұрыттарды өз қанатының астына қалдырған. Осымен байланысты, біз әскерімізбен оларға жорық жасап барып едік, олар бізге қарсы ұмтылды. Сонда біз алдымен олардың Базаршы батыр есімді мықтыларының бсын алып, олардың көптеген адамдарын өлтірдік. Олар бізден жеңілгеннен соң Бишпек қаласына шегініп барды да шықпай қойды. Біз олармен соғысайық десек, олар қаладан шықпайды, ал шегініп кетейік десек, олар маңайдағы біздің қоныс жерлерімізге тыныштық бермей отыр. Сондықтан біз ұлы хан, шах-и-шах (Цяньлун) бізге 20 000 ләшкер және зеңбірек жіберсе деп өтінеміз. Абылай хан мен біз, тәйжілер (султандар) және қолбасшылар, бірге қол қойып отырмыз» делінген (Қазақстан тарихы туралы қытай дереттемелері, 2006: 103–105).

1767 жылғы Абылай ханның Цин патшасы Цяньлунға тот-моңғол тілінде (қалмақ тілінде) жазған хатында да осы жағдай жазылған. Онда «Бұрыттар мен Ердени бірлесіп біздің Ұлы жүзімізді шапқан еді, сол себептен былтыр біз де жорық жасап, бұрыттарды бағындырдық»... «Бұхара, Самарқан және сол маңдағы халықтардың барлығы бізбен тәту-тәтті қарым-қатынаста, тек батысымызда тұратын Ердени жұртымызға тынштық бермей, жиы шабуылдап келеді»... Абылай хан өзінің хатында қазақ-қоқан арасында орын алған соғыс себебін айтқан және Цин патшалығынан әскери көмек сұраған. Абылай ханның Цин патшасы Цяньлунға жазған келесі бір хатының мәнжуше аудармасында қазақ-бұрыт ара қатынасы туралы мәлімет сақталған. 1771 жылы жазылған бұл хаттың мазмұнында: «Торғауыт... тұтқындардың айтуларына қарағанда, ноян Дата Алақ-ұла, Құлжа және Хайнұқ сынды жерлердегі улеттерді бастап бұрыттарға барып қосылмақ екен. Торғауыттар Алақ-ұладан кеткен шақта, сендердің 500 адамдарыңды өлтіріп кеткен еді, енді міне, олар қайтып келіп маған жорық жасауда. Сендер осыларды өздерің бағындырып алсаңдар» делінген (Еженхан 2013: 146–147).

Бұл мәліметке қарағанда қырғыздаар «жауымның жауы — менің досым» деген қағиданы ұстанып, бірде Қоқандармен, енді бірде Еділ бойынан келген қалмақтармен күш біріктіріп, сол арқылы қазақтарға кеткен есесін қайтарудың жолын қарастырса керек. Абылай хан бұрыттардың мұндай қадамға баруының алдын алу үшін түрлі шаралар жасаған.

Қазақстандық шығыстанушы игерген қытай архиві құжаттарының келесі топтамасы Қазақ хандығы мен Цинь патшалығы арасындағы сауда қарым-қатнастарына байланысты болып келеді.

Архив құжаттарынан және басқа тарихи еңбектерден белгілі болуынша Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында «Жылқыға жібек саудасы» деп аталатын сауда біртіндеп қалыптасып, орнықты түрде дамыды. 1758 жылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы алғашқы сауда жәрменкелері Үрімжіде басталды. Осыдан кейін 1760 жылы Іледе (Құлжада), 1762 жылы Қобдада, 1765 жылы Тарбағатайда (Шәуешекте) сауда жәрменкелері ашылды. Қатысты мұрағаттық деректерден белгілі болуынша айтулы саудаға қырғыздар да белсене атсалысып отырған. Жоғарыда көрсетілген сауда жәрменкелерінде қырғыздар Іледегі (Құлжадағы) жәрменкеде едауір үлес-салмақты иелеген.

1762 жылы қаңтардың 15 күні жазылған (Хебей-амбан Агуй қатарлылардың) «Саудаға келген бұрыттар мен қазақтардан қой алып, Іле жерінде бекінген жауынгерлеріміздің азық-түлік мәселесін шешейік деген мағынадағы мәлімдемесі» делінген мәнжуше құжатта айтулы құжат жазылудан бұрын «бұрыт Ниса мен қазақ Байсары екеуі 1200 тұяқ қой айдап келгенін» және ол қойларды сатып алып шекарашы жауынгерлерге үлестіріп бергенін хабарлаған (Еженханұлы, 2009: 144–145).

Қырғыздар Іледе (Құлжада) ғана емес Қашқариядағы ұйғыр қалаларында сауда жасап

тұрған. Бұл жағын біз жоғарыда көрсетіп өткен деректерден де көре аламыз. Жалпы айтқанда Ұйғыр жерінде өндірілген кей тоқыма өнімдері мен басқа өндіріс пен тұрмысқа қажетті тауарлар бағасы жағынан болсын, сапасы мен тұтынуға қолайлығы жағынан болсын Қытай тауарларына (тоқыма өнімдерді өз ішіне алған) қарағанда тиімді тұстары болғаны байқалады. Соған қарай онда өндірілген тауарлар қазақтар мен қырғыздар арасында өтімді келетін болған. Қайткен күнде де қазақ билеушілері Қашқарияға барып сауда жасауға көбірек қызыққан. Қазақ-қырғыз арасында болған қақтығыстар өршіп қырғыздар қазақтардың өз жерінен өтуге мүмкіндік бермеген тұстары қазақтар «Қоқан мен Әндіжан жерлерін басып өтіп» қиыр жолдарды басып үнемі болмаса да, Қашқарияға барып тұрған тәрізді.

1763 жылы тамыздың 13 күні жазылған: Қашқардағы хебей-амбан Юңгуй қатарлылардың «Қазақ ханы Абылай жіберген адамдары арқылы бізге сыйлық тартып, сонымен бірге Қашқардан сауда жасау туралы өтініштерін жеткізіпті деген мағынадағы мәлімдемесі» деген мәнжуше құжатта біраз жәйттердің мәні ашылады. Құжатта Абылай жіберген Байхото? Қазыбек деген адамдар Қашқарға барып жеткен. Олар Қашқардағы хебей-амбан Юңгуйге: «Бұрын біз хуэйцзылармен ешқандай қарым-қатынаста болмағанбыз және саудагерлерімізді мұнда жіберуден тартынатынбыз. Қазір, міне, ұлы патшаның арқасында барша жерлер тыныш болып, хуэйцзылар мен бұрыттар да тату-тәтті байланыста өмір сүруде екен. Біз жақында ұлы патша амбан сізді Қашқарға жауапты етіп жіберді деген хабарды естігенбіз. Міне Абылай мені Қашқарға жіберіп, өз сәлемін жолдап, Қашқарға сауда ашу ісі туралы ойын жеткізіп отыр. Мен Абылайдың амбан сізге тарту еткен бір сыйлық жылқысын әкелдім» деген сөздерді айтқаны жазылған (Еженханұлы және т.б., 2012: 178).

Архив құжаттар бойынша болғанда қазақтар Қашқария қалаларына қырғыз саудагерлерімен бірге барып тұрған. Бұл жөнінде жоғарыда көрсеткен 1762 жылы шілденің 1 күні жазылған «Қашқардағы хебей-амбан Юңгуй қатарлылар өздерінің Қазақ жерінен жіберілген саудагер-елшілеріне сый-сияпат жасағандықтары туралы жолдаған мәлімдемелері» деген құжат, 1762 жылы 31 шілдеде жазылған (Қашқардағы хебей-амбан Юңгуйдің) «Қазақ елшілері Бұрыт жері арқылы елдеріне оралды деген мазмұндағы хаттамасы» т.б. құжаттар толық мәліметтер берген. Қазақтарды Қашқарияға барып сауда жасауға қызықтырған тағы нелер болды екен.

Осы тектес сауалға «Бұрыт және қазақ саудагерлері Үштұрпанға (Ушиге) келіп сауда жасады» деген мағынада Үштұрпандағы айсиламе-байта-ичихиара-амбаны Тулбиңсағаның жолдаған мәлімдемесі (мәнжу тілінде) деген 1763 жылы тамыздың 1 күні хатталған құжаттан жауап аламыз. Онда былай делінген: «Дәл қазір шөптің шүйгін, судың тұнық кезі болғандықтан, бұрт сынды тайпалардан саудагерлер арты-артынан осында келуде. Өлгінде бұрыттардың 79 адамы 100 ден астам жылқы, 500 ге жуық қой айдап саудаға келіпті. Олардың ішінде үш қазақ бар екен, сол қазақтар пақырыңыз менімен кездесіп былай деді: Осыдан бұрын біз, Уши жеріне келіп сауда істеп көрмегенбіз. Қазір барша елдер ұлы патшаға қарасты болып, жер-жердің барлығына тыныштық орнатылды. Осы себептен, біз, Инеш, Қайдар және Күшік үшеүміз 100 ден астам қой айдап бұрыт саудагерлерімен бірге саудаға келдік. Біз осы жерден улет қыз-бала, сауыт-сайман және мылтық сатып алмақ болғанбыз, алайда мұндағы хуэйсылар бізге сатып бермей жатыр. Сондықтан, біз осы бір жәйтті айту үшін амбан сіздердің алдыларыңызға арнайы келіп отырмыз» делінеді (Еженханұлы және т.б., 2012: 172). 1763 жылы 5-қыркүйекте Үштұрпандағы байта-ишихиара-амбан Сучэңнің «бұрыттар мен қазақтардың Үштұрпанға келіп сауда жасауына рұқсат берілсе» деген мағынада мәнжуше жазып жолдаған мәлімдемесінде жоғарыдағы құжатта айтылған мазмұндар қайталанған (Еженханұлы және т.б., 2012: 185–188).

Цин патшалығы билігі Жоңғария мен Қашқарияны жаулап алғаннан кейін ондағы саудаға мемлекеттік монополия орнатып қазақтар мен қырғыздар арасындағы сауданы бір тұтас

басқаруды қарастыра бастағаны белгілі. Бұл шара аймақта ғасырлар бойы қалыптасқан байланыстарға ықпалын тигізе бастады. Дегенмен, бұл шара қырғыздардың Қашқарияға барып өзінің түрлі мал өнімдерін сонда саудалап қайтуына мүлде тосқауыл бола алған жоқ. Сол сияқты қашқариялық саудагерлердің ата-кәсібін жалғастыруына түбегейлі тосқауыл бола алмады. Олар Қашқария қалаларында өндірілген ауылшаруашылық өнімдері мен колөнер тауарларын қырғыздар арасына апарып мал өнімдеріне ауыстырып қайтып жүрді. Осы орайда қазақтар өзінің мал өнімдерін қырғыз жеріне келіп-кетіп жүрген қашқариялық саудагерлерге сатып отырған. Бұлардың арасында қырғыздарға көрші Ұлы жүз қазақтары ғана емес Орта жүз қазақтары да болған.

1768 жылғы 30 наурызда хатқа түскен «Қашқар амбаны Ильтудың Қазақ ханы Абылайдың өзімен амандасу үшін және сауда жүргізу туралы өтінішін жеткізу үшін Қашқарға елші жібергендігі туралы мәлімдемесі» деген мәнжуше құжат пен құжаттың мәнжу тіліндегі екі қосымшасында (Оның бірі Абылайдың жазған хатының мәнжуше аудармасы, екіншісі Ильтудың Абылай султанға жазған хаты) және Абылайдың елшісі Тілештің амбанға ауыз екі айтқан сөздерінде бұдан екі жыл бұрын Абылайға қарасты қазақтар мен қашқариялық сарт саудагерлердің Қырғыз жерінде жасаған бір саудасы туралы туындаған даудамай сөз болған. Аталмыш құжат Абылай елшісі Тілештің өз аузымен айтқандарын былайша жазған: «Бізден шыққан 7 қазақ адамы бұрыттардың солтон тайпасында қашқарлық хуэйцзи (сарт) Розысупиге кезігіп, оған 12 жылқы, 400 тұяқ қой тапсырған, ол біздің қазақтарға 400 топ бөз мата бере тұрып, «тапсырып алған малды Қашқарға апарып сатқаннан кейін қайтып келіп қалған ақшаны толтырып беремін» деп кеткен. Бұл іске сарыбағыш тайпасынан шыққан бұрыт Атақ кепіл болған. Алайда (Розысупи) күні бүгінге дейін бізге не ақша, не зат берген жоқ. Біз сіздерден осы істі тексеріп, бізге тиісті ақшаны толықтырып бергізулеріңізді өтінеміз. Сонымен қоса, біз осы бір орайды пайдаланып өзімізбен бірге тағы да 100-ден астам жылқы, 600-ден астам қой және 10-нан астам сиыр айдап келдік. Осы малдарымызды саудаға салуымызға рұқсат берсеңіздер» (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 107).

Көптеген жәйттерге қарағанда қазақтар Қырғыз жеріне немесе өз жеріне келген қашқариялық саудагерлермен сауда жасағаннан гөрі Қашқарияға өздері барып сауда жасап келуді тиімді санаған, сондай-ақ сол мақсатқа жетудің түрлі жолдарын қарастырып отырған.

Қазақ тіліне аударылған мәнжуше архив құжаттарының мазмұны ауқымды болып келеді. Мысалы, 1761 жылы жазылған екі құжаттың мазмұны Қазақ-қырғыз шекара картасы жөнінде жазылған.

1761 жылдың 17 наурызында мәнжуше жазылған Үрімжіде тұрып іс жүргізетін Әскери істер уәзірлігінің оң қол асхан-и-амбаны Диңчаң қатарлылардың «Әскери істер басқармасы уәзірлерінен жіберілген Қазақ-Бұрыт шекаралас жерінің картасын тапсырып алдық» деген мағынадағы Әскери істер басқармасы уәзірлігіне жолдаған хатнамасы деген құжатта «Қазақ-Бұрыт шекаралас жерлерінің картасы» атты картаның бұған дейін салынып патшаға жіберілгені, сондай-ақ «Антайға да бір данасы жіберілсін» деген патша жарлығы бойынша Антайға жіберіп бергенін хабарлаған. 1761 жылы сәуірдің бірі күні Хебей-амбан Агуйдің «сіздер жіберген Қазақ-Бұрыт шекара картасын тапсырып алдым» деген мазмұнда Әскери істер басқармасының уәзірлігіне жолдаған хатнамасы атты келесі бір мәнжуше құжатта «(Аталған картаны) биыл 2-айдың 16 күні (яғни 1761 жылдың 22 наурызы) тапсырып алдық» делінген (Еженханұлы, 2012: 33–34; 42–43). Аталған екі құжатта хабарлануынша Цин патшалығының Іледегі іс басқарушы хебей-амбанының (кеб-амбан) талабы бойынша Цин патшалығының орталықтағы Әскери істер басқармасы Қазақтар мен Қырғыздардың шекара картасын сызып шыққан әрі оның бір-бір нұсқасын Іле мен Үрімжідегі амбандарға жіберіп берген. Мұнда сөз болған «Қазақ-Бұрыт шекара картасы» туралы айтар болсақ, ол әрине арнаулы зерттеуді қажет ететін тақырып саналады.

Қазақстан ғалымдары деректанулық еңбектеріндегі қырғыздарға қатысты құжаттар бұл ғана емес. Сол сияқты Қытай мұрағат құжаттарында қатысты құжаттардың үлкен бөлігі әлі күнге игерілген жоқ. Сол құжаттарды игеріп ғылыми айналымға ұсыну тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толықтыруға орасан зор мүмкіндіктер бере алады.

Қорытынды

Цинь патшалығы Жоңғар хандығын жойғаннан кейін патшалықтың территориясы кеңіп, енді ғана жаулап алған жаңа территорияда жаңа көршілермен таныса бастады. Артынша жаңа көршілер арасында шыт жаңа қарым-қатынастар қалыптасып келе жатты. Бұл қатынастар көршілердің кейбір төл мүдделеріне пайда жеткізсе, тағы бір жағынан бірқатар күрделі мәселелерді туындатты. Мұндай тарихи оқиғалар сол кездегі адамдар тарапынан хатқа түсті. Қазақ хан-султандары, билері мен батырлары Цин патшалығына әртүрлі сипаттағы хаттарды жазып жолдап отырды. Құжаттардың ауқымды бөлігін Цин патшалығының жаңадан жаулап алған жерлерде түрлі міндеттер атқарған шенеуніктері жазды. Түрлі себептерге байланысты бұл құжаттар көптеген заман бойы тарихшы ғалымдарға қол жетімді болмай келді. Мұндай келеңсіз жағдай аталған кезеңдегі тарихи жағдайдың тыңғылықты зерттелмеуіне мұрындық болды. Көптеген тарихи мәселелердің сыры ашылмады немесе күңгірт қалды.

Қытай архиві қорларында сақталған құжаттарда Қазақ тарихына қатысты деректер топтамасындағы қырғыздар туралы мәліметтің біраз мазмұны қырғыздар мен Цин патшалығы арасындағы саяси байланыстар, екі ел арасындағы елшілік, сауда қарым-қатынастары (жылқыға жібек саудасы) және басқа да мәселелерді қамтыған. Құжаттардың тағы бір мазмұны Қазақ-Қырғыз қатынастарына қатысты болып келеді, бұл мазмұнның ауқымы аса кең. Ең бастысы Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін екі халықтың бұрынғы кездері жоңғарлар жаулап алған атамекеніне қайтып оралуына байланысты туындаған жер дауы, екі ел арасында, әсіресе елдің көршілес рулары арасында бір-бірінен барымта алу, қарымта қайтарудың дәйім орын алуы болды. Соның ішінде сауда базарлары мен керуен жолдарына болған талас-тартыстар да көптеген келеңсіз оқиғалардың туындауына себеп болған. Құжат мазмұнындағы Қашғариядағы қалаларға барып сауда жасамақшы болған қазақ саудагерлерін қырғыздардың өз жерінен өткізбеуі, олардың сауда-саттық әрекеттеріне түрлі кедергілер жасауы соның айқын дәлелі болады. Осы және басқа құжаттардың кешенді түрде игерілуі мен ғылыми айналымға енуі аталған кезеңдегі қазақ-қырғыз қарым-қатынасы тарихын зерттеу көкжиегін кеңейте алады. Сонымен бірге айтулы құжаттар қазақ тарихи жырларында сақталған кейбір мазмұндардың тарихи шынайылық мәнін де аша түседі.

ДЕРЕККӨЗДЕР

ЧДИЛД және ХДЯС — 中国第一历史档案馆、哈萨克斯坦东方学研究所. 清代中哈关系档案汇编. 北京: 中国档案出版社 [Қытай бірінші тарихи мұрағаты, Қазақстан Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Қытай-Қазақ қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы.

SOURCES

FHAC — The First Historical Archive of China.

R.B. Suleymenov IOS — R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies.

CQADSKR — Collection of Qing-era archival documents related to Sino-Kazakh relations.

ӘДЕБИЕТТЕР

Гаоцзун ши лу, 1799 — *Гаоцзун ши лу* 大清高宗純 (乾隆) 皇帝實錄. 北京: 中华书局, 1986. 1503 卷 [Ұлы Цин әулетінің Цянлун императорының шынайы жазбалары]. Пекин: Чжунхуа шуцзюй, 1986. 1503j.

Еженхан, 2013 — *Еженхан Б.* XVIII ғасырдың екінші жартысында шығыстағы қазақтардың атажұртына оралу тарихына қатысты тың дереккөздері // Қазақстан тарихы: Инновациялық тұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыттары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы қ., 18 сәуір 2013 ж. 144–148 бб.

- Еженханұлы, 2009а. — *Еженхан Б.* Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том. Алматы, 2009. 456 б.
- Еженханұлы, 2009б. — *Еженхан Б.* Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том. Алматы, 2009. 362.
- Еженханұлы, 2012. — *Еженхан Б.* Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-том. Алматы, 2012. 460.
- Еженханұлы, 2017 — *Еженхан Б.* Қожаберген батыр — 1756–1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде. Алматы: Арыс баспасы, 2017. 496 б.
- Еженханұлы, Ошан, 2012. — *Еженхан Б. Ошан Ж.* Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-Том. Алматы, 2012. 420.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006 — Қазақстан туралы қытай деректемелері, III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Алматы, 2006. 294.
- У Юанфэн, 2011 — *У Юанфэн* 吴元丰, 近百年來滿文檔案編譯出版綜述 — 以中國大陸為中心 // «滿語研究», 2011 年第 2 期, 第 37–46 頁 [У Юанфэн. Соңғы жүз жылдағы мәнжу мұрағат құжаттарының жинақтау, аударып баспадан шығарылуына қысқаша шолу – Материк Қытай негізінде] // Мәнжугтану. 2011. № 2. 37–46 бб.
- У Юаньфэн, Ли Шэн, 2020 — *У Юаньфэн, Ли Шэн*, 吴元丰, 厉声. 清代新疆滿文檔案匯編(1–10 册). – 桂林: 广西师范大学出版社, 2020. 10 册 [Цин патшалығы дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжуше мұрағат құжаттар жинағы]. Гуйлин: «Гуанси Педагогикалық Университеті» баспасы, 2020. 10 том.
- Хафизова, 2022 — *Хафизова К.* XVIII–XIX ғасырдағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы. Астана, 2022. 488 б.
- Ци Гуан, 2021 — 齐光 编译, 清代准噶尔情报滿文檔案译本. – 上海复旦大学出版社, 2021 年, 470 页 [Цин династиясы дәуіріндегі Жоңғарияны құпия барлауға байланысты мәнжуше мұрағат құжаттардың (қытайша) аударма жинағы]. Шанхай: Фудань Дасюэ чубаньшэ, 2021. 470.
- ЦДИД, ХДЯС 2006-2007 — 中国第一历史档案馆、哈萨克斯坦东方学研究所. 清代中哈关系檔案匯編.北京: 中国档案出版社, 2006 (一册), 2007 (二册) 649; 658. [Қытай бірінші тарихи мұрағаты, Қазақстан Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Қытай-Қазақ қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы. Пекин, 2006 (1-том), 2007 (2-том). 649 б.; 658 б.].
- Чжунго ди-и лишн дананьгуан бянь 2012 — 中国第一历史档案馆编, 清代新疆滿文檔案匯編. – 桂林: 广西师范大学出版社, 2012. 283 册 [Цин патшалығы дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжу тілді мұрағат құжаттар жинағы]. Гуйлин: «Гуанси Педагогикалық Университеті», 2012. 283 том.
- Мамбетакұн және т.б., 2004 — башқы тузуучу: Мамбеттүрдү Мамбетакұн. Жүңго тарыхый жазмаларында Қырғыздар. Қызылсүң қырғыз басмасы, 2004. 523.

REFERENCES

- Ejenkhanuly, 2006 — *Ejenkhanuly B.* Qazaqstan tarikhy turaly Qytai derektemeleri [Chinese Historical Sources on the History of Kazakhstan]. Vol. 3. Almaty: Dajk Press, 2006. 294 p. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, 2009 — *Ejenkhanuly B.* Qazaq khandıgı men Cin patshalygynyng sawda qatynastary turaly qytai muragat qujattary [Chinese archival documents on the trade relationships between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty]. Vol. 1. Almaty, 2009. 362 p. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, 2012 — *Ejenkhanuly B.* Qazaq khandygy men Cin patshalygynyng sayasi-diplomatialyq qatynastary turaly qytai muragat qujattary [Chinese archival documents on the political and diplomatic relationships between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty]. Vol. 1. Almaty, 2012. 460 p. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, 2013 — *Ejenkhanuly B.* XVIII gasyrdyng ekinshi jartysynda shygystagy qazaqtardeng atajurtyna oralu tarikhyna qatysty tyng derekkozderi [New information on the history of the return of the Kazakhs to their Eastern homeland in the second half of the 18th century]. Collection of materials of the International scientific conference «History of Kazakhstan: Innovation concepts and periodization as a priority of scientific knowledge». Almaty, April 18, 2013. Pp. 144–148. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, Oshan, 2012 — *Ejenkhanuly B., Oshan Zh.* Qazaq khandygy men Cin patshalygynyng sawda qatynastary twraly qytai muragat qujattary [Chinese Archival Documents on the trade relationships between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty]. Vol. 2. Almaty, 2012. 420 p. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, 2009 — *Ejenkhanuly B.* Qazaq khandygy men Cin patshalygynyng sayasi-diplomatialyq baylanıstary twraly qytai muragat qujattary [Chinese Archival Documents on the Political and Diplomatic Relationships between the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty]. Vol. 1. Almaty, 2009. 456 p. (In Kaz.).
- Ejenkhanuly, 2017 — *Ejenkhanuly B.* Qojabergen batyr — 1756–1767 jyldarda qalyptasqan manju-qytai muragat qujattary negizinde [Khojabergen Batir – Based on the Manchu-Chinese Archival Documents of 1756–1767]. Almaty: Arys baspasy, 2017. 496 p. (In Kaz.).
- Gaozong, 1986 — *Gaozong Sh.* Daqing Gaozong Chun (Qianlong) Huangdi Shilu [The Veritable Records of the Qianlong Emperor of the Great Qing Dynasty]. Beijing: Zhonghua shuju, 1986. 1503j (In Chin.).
- Khafizova, 2022 — *Khafizova K.* XVIII-XIX gasyrdagy dala bileushileri jane olardyng diplomatiyası [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th -19th centuries]. Astana: KISS, 2022. 488 p. (In Kaz.).
- Mambetturdu (ed.), 2004 — *Mambetturdu M.* Qytai taryhyi jazmalarynda Kyrgyzdar [Kyrgyz in Chinese historical records]. Kyzylsuu kyrgyz basmasy, 2004. 523 p. (In Kyrg.).

Qi Guang, 2021 — *Qi Guang bianyi*. Qing dai zhunga'er qingbao man wen dang'an yiben [A collection of translations of Manchu archive documents related to the secret exploration of Zhongaria during the Qing Dynasty]. Shanghai: Fudan daxue chuban she, 2021. 470 p. (In Chin.).

Wu, Li, 2020 — *Wu Yu., Li Sh.* Qingdai Xinjiang Manwen dang'an huibian. [Collection of Manchu Archival Documents about Qing-era Xinjiang]. Vol. 10. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2020. (In Chin.).

Wu, 2011 — *Wu Yu.* Jin bai nian lai manwen dang an bian yi chuban zongshu –Yi Zhongguo dalu wei zhongxin// Manwen Yanjiu, 2011, di 2 qi, di 37-46 ye [A Summary of the Compilation and Publishing of Manchu Manchu documents in the Past Hundred Years – Centered on Mainland China]. Manchu Studies Magazine. 2011. No. 2. Pp. 37–46. (In Chin.).

Zhongguo, 2006 — *Zhongguo di yi lishi dang'an guan*, Hasakesitan dongfang xue yanjiu suo. Qingdai Zhong-Ha guanxi dang'an huibian [Archival Documents concerning Sino-Kazakh Relationships during the Qing Dynasty]. Vol. 1. Beijing: Zhongguo dang'an chuban she, 2006. 649 p. (In Chin.).

Zhongguo, 2007 — *Zhongguo di yi lishi dang'an guan*, Hasakesitan dongfang xue yanjiu suo. Qingdai Zhong-Ha guanxi dang'an huibian [Archival Documents concerning Sino-Kazakh Relationships during the Qing Dynasty]. Vol. 2. Beijing: Zhongguo dang'an chuban she, 2007. 658 p. (In Chin.).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бенхур Ч., Жолдасұлы Т.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ.....7

Ван Каппел Г., Томас А.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЬЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ).....16

Қуанбай О.Қ.

ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....26

Нұрмұхамбетов А.А.

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.....41

Ошан Ж., Бөгенөев Ж.С.

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВИ

ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР.....53

Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:

ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН.....68

ТАРИХ

Бижигитова Қ.С. Джемпеисова Ж.М.

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАҚТАРЫ:

СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....84

Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.К.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ

БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....97

Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.

«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ

ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938).....111

Конырова А.М.

1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....124

Мұхатова О.Х.

ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....138

Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....154

Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ

АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.....166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.

«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ

ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ.....179

Сакенов С., Бороффка Н.

ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ.....194

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Бенхур Ч., Жолдасулы Т. НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.....	7
Ван Капель Г., Томас А. СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА: УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)	16
Куанбай О.К. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ.....	26
Нурмухамбетов А.А. РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	41
Ошан Ж., Ботоноев Ж.С. СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ, ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.....	53
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т. КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.....	68

ИСТОРИЯ

Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М. ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	84
Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ.....	97
Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б. ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ «САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938)	111
Коньрова А.М. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	124
Мухатова О.Х. ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	138
Ташагыл А., Муканова Г.К. СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА.....	154
Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З. ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э. ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ»	179
Сакенов С., Бороффка Н. БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ.....	194

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Benhür Ç., Zholdassuly T. INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS.....	7
Van Cappel G., Thomas A. MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE? (A CRITICAL ANALYSIS)	16
Kuanbay O.K. JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA.....	26
Nurmukhambetov A.A. THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY.....	41
Oshan ZH., Botonoev ZH. INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ) IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....	53
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T. NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE: FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE.....	68

HISTORY

Bizhigitova K., Jampeissova ZH. THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX th – EARLY XX th CENTURIES.....	84
Duisenova N., Smagulov B. THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S.....	97
Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z. BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938)	111
Konyrova A. RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S: HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS.....	124
Mukhatova O. VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....	138
Tashagyl A., G. Mukanova G. THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN.....	154
Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z. EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN.....	166

ANTHROPOLOGY

Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E. THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE «KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE.....	179
Sakenov S., Boroffka N. THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY.....	194

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй